

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ

Факультет кеңесінің
отырысында қаралған
«__» _____ 20__ ж.
№ ____ хаттама



2024-2029 жылдарға арналған
D136 – Автокөлік құралдары
білім беру бағдарламалары тобы бойынша
8D08701 - «Агроинженерия»

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ДАМЫТУ
ЖОСПАРЫ**

Аграрлық техника және технология
кафедрасының кеңейтілген отырысында
қаралды № __ хаттама «__» _____ 2024ж.

Мазмұны

1	Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының паспорты	3
2	Білім беру бағдарламасының талдамалық негіздемесі	4
2.1	Білім беру бағдарламасы туралы мәліметтер	4
2.2	Білім алушылар туралы мәліметтер	5
2.3	Білім беру бағдарламасын дамытудың ішкі шарттары	5
2.4	Қоршаған қоғамның сипаттамасы	6
2.5	Білім беру бағдарламасын іске асыратын профессор-оқытушылар құрамы туралы мәліметтер	7
2.6	Білім беру бағдарламасының жетістіктерінің сипаттамасы	7
3	Білім беру бағдарламасын дамыту жоспары шешетін мәселелердің сипаттамасы және оларды шешу қажеттілігінің негіздемесі	8
4	Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының негізгі мақсаттары мен міндеттерін іске асыру кезеңдері және мерзімдері	8
5	Білім беру бағдарламасы үшін тәуекелдердің әсерін төмендету жөніндегі іс-шаралар	10
6	Білім беру бағдарламасын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары	11
7	Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын іске асыру тетігі	12
8	Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын іске асырудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалау	12
9	Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі	13

**1. 2024-2029 жылдарға арналған 8D08701 - «Агроинженерия»
білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының паспорты**

1	Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын әзірлеу үшін негіздер	<p>1) 8D08701 - «Агроинженерия»білім беру бағдарламасын дамыту жоспары білім алушыларда АӨК өндірістерінің машиналары мен аппараттарын жобалау, өндіру және техникалық пайдалану саласында жалпы педагогикалық, ғылыми-зерттеу және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін қажет.АӨК саласындағы ақпараттық ағындардың жылдам жаңаруы мен өсуі жағдайында ғылыми және ғылыми - педагогикалық қызметте өзекті кәсіби дағдылары мен құзыреттері бар, зерттеудің ғылыми әдістеріне ие жоғары білікті, бәсекеге қабілетті PhD докторларын даярлау.</p> <p>2) Қазақстанның дәстүрлі және инновациялық жоғары оқу орындарының бірі болып табылатын отандық және халықаралық практикадағы КАТИУ білім беру қызметінің көп жылдық тәжірибесі кафедраның, факультеттің және жалпы жоғары оқу орнының кадрлық және ғылыми әлеуеті болып табылады.</p> <p>3) Өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін өндіру, өңдеу, сақтау және қайта өңдеу кезінде технологиялық процестерді механикаландыру мен автоматтандырудың заманауи технологияларын меңгерген еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды дамыту және қалыптастыру жөніндегі қоғамның әлеуметтік тапсырысын орындау жөніндегі міндет.</p>
2	Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының негізгі әзірлеушілері	«Аграрлық техника және технология» кафедрасының ұжымы, жұмыс берушілер, серіктес ЖОО және басқа да мүдделі тұлғалар (Білім беру бағдарламаларының нақты және әлеуетті стейкхолдерлерінің сұраныстарын ескере отырып)
3	Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын іске асыру мерзімдері	2024 - 2029 жылдардағы барлық оқу кезеңі (форсайт әдісімен 5 жылға дейінгі қысқа мерзімді болжам белгіленді)
4	Қаржыландыру көлемі мен көздері	-
5	Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын іске асырудан күтілетін түпкілікті нәтижелер	Білім алушылардың табысты кәсіби қызметке нақты бағдарлануын, жұмыс берушілердің талаптарын қанағаттандыратын жеке өсуін көздейтін терең теориялық және практикалық білім мен дағдыларды алу. Еңбек нарығының қажеттіліктерін, елдің индустриялық-инновациялық даму міндеттерін, жеке тұлғаны қанағаттандыратын білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу.

2. Білім беру бағдарламасының талдамалық негіздемесі

2.1 Білім беру бағдарламасы туралы мәліметтер

Бейіндік және ғылыми-педагогикалық бағыттағы «Агроинженерия» PhD докторыбілім беру бағдарламалары жоғары білікті, бәсекеге қабілетті кадрларды даярлауға, білім сапасын арттыруға, қазіргі заманғы білім мен ғылымның өзекті қажеттіліктеріне сәйкес ғылыми-зерттеу қызметінің көп деңгейлі жүйесін, қолданыстағы технологияларға қатысты ауыл шаруашылығы техникасын ұйымдастыру және тиімді пайдалану саласындағы маманның үйлесімді дамыған тұлғасын қалыптастыруға бағытталған.

Білім беру бағдарламалары Девистегі Калифорния университетінің (АҚШ) профессорларымен бірге, өнеркәсіп саласының озық кәсіпорындарының жетекші мамандарының ұсынымдарын ескере отырып, ҰБК және кәсіби стандарттарға сәйкес ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы (№604) бұйрығымен бекітілген Жоғары білімнің, докторантураның мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Дублиндік дескрипторлармен және Еуропалық біліктілік талаптарына келістіре отырып, белгіленген тәртіппен бекітілетін Қазақстан Республикасының Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтарының жіктеуіші, оқу-бағдарламалық және әдістемелік құжаттама, докторанттардың жеке жұмыс жоспарлары және басқа да құжаттар негізінде әзірленді.

Оқыту траекториясының даралығын қамтамасыз ету мақсатында білім алушыларға серіктес жоғары оқу орындарының талаптары мен жұмыс берушілердің сұраныстары негізінде әзірленген «Агроинженерия» білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың екі бағыты ұсынылды.

Бірқатар білім салаларын білетін мамандарды даярлауды қамтамасыз ететін пәнаралық және көпсалалы сипаттағы модульдік білім беру бағдарламасы барлық салаларда кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін білікті, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған және болашақ мамандардың іргелі біліміне қол жеткізуге бағытталған кең базалық кәсіптік даярлықты көздейді.

2.2 Білім алушылар туралы мәліметтер

«Агроинженерия» білім беру бағдарламалары бойынша жыл сайын 2 докторант қабылдау жоспарланады.

Білім беру бағдарламасының атауы	2020-2021	2021-2022	2022-2023	2023-2024
8D08701- Агроинженерия	4	4	4	4
Барлығы	4	4	4	4

2.3 Білім беру бағдарламасын дамытудың ішкі шарттары

8D087 - «Автокөлік құралдары» білім беру бағдарламалары тобын, докторантура бойынша білім беру бағдарламаларын дамыту және іске асыру үшін кафедрада мынадай қолайлы және оңтайлы жағдайлар жасалған:

- жоғары білікті профессорлық-оқытушылық құрам (ғылыми әлеуеті шамамен 100%);

- білім беру бағдарламалары бойынша жоғары материалдық-техникалық жаратандыру;
- үш тілде оқыту (мемлекеттік, орыс және ағылшын);
- жұмыс берушілермен тығыз ынтымақтастық;
- білім алушылардың әлемдік ғылыми ақпараттық-талдамалық ресурстарына қолжетімділігі бар заманауи оқу-әдістемелік база.
- заманауи және интерактивті техникалық оқыту құралдарын қолдану;
- академиялық ұтқырлық (сыртқы және ішкі);
- жоғары сапалы кәсіби инфрақұрылым (білім беру ресурстары);
- зертханалық-практикалық сабақтарды өткізу үшін арнайы жабдықтармен және материалдармен жабдықталған оқу зертханалары бар.

Білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру үшін қажетті жоғары сапалы кәсіби инфрақұрылымның (білім беру ресурстарының) болуы қазіргі заманның жоғары білікті мамандарын даярлаудың кепілі болып табылады:

- Қазақстан-Беларусь кадрларды даярлау және қайта даярлау орталығы;
- Қазақстан-Қытай ауыл шаруашылығын механикаландыру орталығы;
- «Glass» Қазақстан-Германия дәл егіншілік орталығы;
- «John Deere» Қазақстан-Американдық дәл егіншілік орталығы;
- 3-D бейнелеу және модельдеу зертханасы;
- Тракторлар, комбайндар және АШМ павильоны;
- Мал шаруашылығын механикаландыру зертханалары;
- ГИС- технологиялар орталығы;
- Конструкторлық бюро;
- металл кесетін және дәнекерлеу жабдықтары бар шеберхана;
- робототехника зертханасы;
- жанар-жағармай материалдары зертханасы;
- оқу және компьютерлік залдар;
- оқу шеберханалары.

2.4 Қоршаған қоғамның сипаттамасы

Кафедрада білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларға арналған практика базасы айқындалады, педагогикалық, өндірістік және зерттеу тәжірибелерінен өту үшін кәсіпорындармен келісім-шарттар жасалады. Қазіргі уақытта қолданыста 36-дан астам келісім-шарттар бар.

Тәжірибенің негізгі базалары:

- «Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы» ЖШС;
- «Атамекен-Агро» АҚ;
- «Канди Восток» ЖШС;
- «Спектр ТС» ЖШС;
- «Агроинженерия ҒӨО» ЖШС, Ақкөл филиалы;
- «Акмола Феникс» ЖШС;
- «Казрост» ЖШС;
- «ТНК» ЖШС;
- «Шахтерское» ЖШС;

- «СТАГРО» ЖШС;
- «Eurasia Group» ЖШС.

Жыл сайын дәріс оқу үшін серіктес өндірістерден өкілдер, сондай-ақ шетелдік серіктес жоғары оқу орындарының жетекші оқытушылары тартылады. Академиялық ұтқырлықты дамыту мақсатында БМАТУ (БГАТУ, Беларусь), «CLAAS- Academy» фирмасы (Германия), София химия-технологиялық және металлургиялық университетімен (Болгария), Краковтағы АГН ғылыми-техникалық университетімен (Польша) тығыз ынтымақтастық жүргізілуде, сондай-ақ шет елдер, Кеден одағы және ТМД елдері арасында жаңа серіктес жоғары оқу орындарын іздеу жалғасуда.

2.5 Білім беру бағдарламасын іске асыратын профессор-оқытушылар құрамы туралы мәліметтер

Білім беру бағдарламасында университеттің жоғары білікті профессорлық-оқытушылық құрамы қызмет көрсетеді. 2023 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) жалпы саны 25 адамды (штаттық – 19) құрады, оның ішінде педагогикалық қызметте үлкен еңбек өтілі және өндірістік тәжірибесі бар 3 техника ғылымдарының докторы, 1 PhD доктор, 8 ғылым кандидаты, 6 доцент және 5 аға оқытушы және 1 ассистент (магистр) еңбек етеді.

«Аграрлық техника және технология» кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы біліктілікті арттырудың қысқа мерзімді курстарынан өту, әртүрлі семинарларға қатысу, Қазақстанның, алыс және жақын шетелдердің жетекші университеттерінде, сондай-ақ саланың тиісті ұйымдарында тағылымдамадан өту арқылы осы саладағы білімдерін үнемі жетілдіріп, біліктілігін арттырып отырады.

2.6 Білім беру бағдарламасының жетістіктерінің сипаттамасы

«Агроинженерия» білім беру бағдарламалары 2019 жылы аккредиттеу жөніндегі орган - Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінде (бұдан әрі - НААР) тәуелсіз мамандандырылған аккредиттеуден сәтті өтті.

2019 жылғы 20 желтоқсанда НААР Аккредиттеу Кеңесінің шешімімен мамандықтың білім беру бағдарламалары аккредиттелді және толық мерзімге - 5 жылға сертификаттар берілді.

2019 жылдан 2023 жылға дейінгі рейтинг нәтижелері бойынша білім беру бағдарламасы НААР Ұлттық рейтингінде 1 орында.

3. Білім беру бағдарламасын дамыту жоспары шешетін мәселелердің сипаттамасы және оларды шешу қажеттілігінің негіздемесі

«Агроинженерия» докторантурасы бойынша білім беру бағдарламасы АӨК саласындағы ақпараттық ағындардың жылдам жаңаруы мен өсуі жағдайында ғылыми және ғылыми - педагогикалық қызметте өзекті кәсіби дағдылары мен құзыреттері бар, зерттеудің ғылыми әдістері бар жоғары білікті, бәсекеге қабілетті PhD докторларын даярлау үшін құрылған.

Дайындалған мамандар жүйені нормативтік-техникалық қамтамасыз етудің жай-күйін зерделеу дағдыларын меңгеруі, механикалық инженерия саласындағы қазіргі заманғы проблемалар бойынша ғылыми-өндірістік, ұйымдастырушылық-

басқарушылық және ғылыми-зерттеу жұмыстары, эксперименттік және теориялық зерттеулер дағдыларын меңгеруі тиіс.

Дайындалған мамандар машиналар мен жабдықтарды жасау және жетілдіру, ауыл шаруашылығы техникасын тиімді пайдалануды ұйымдастыру саласындағы зерттеулері бойынша импакт-факторы отандық және халықаралық басылымдарда ғылыми мақалалар жарияланымды пайызын арттыруы тиіс.

«Аграрлық техника және технология» кафедрасының ПОҚ 3 жыл ішіндегі жарияланымдары туралы мәліметтер.

Жұмыс атауы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Ғылыми дәйексөздің жетекші шетелдік базаларындағы (Web of Science, Scopus және т.б.) ғылыми журналдарда, саны.	6	4	3
ККСОН және РИНЦ құрамына кіретін ғылыми журналдарда, саны.	7	5	3
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің «Хабаршысы» журналында, саны.	2	2	
Халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында және басқа да басылымдардағы жарияланымдар, саны.	5	8	1
Өнертабыс патенттері, авторлық куәліктер, саны.	4	5	

Дайындалған кадрлар C1 Advance деңгейінде ағылшын тілін білуі тиіс. Қазіргі уақытта университетте DynEd және IELTS ағылшын тілі курстары ұйымдастырылған.

4. Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының негізгі мақсаттары мен міндеттерін іске асыру кезеңдері және мерзімдері

«Агроинженерия» білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің сұранысы негізінде құрылды. Білім беру бағдарламаларының және оны дамытудың негізгі мақсаты университеттің миссиясына және стратегиясына сәйкес жоғары білікті, бәсекеге қабілетті кадрларды даярлауға, білім сапасын арттыруға, заманауи білім мен ғылымның өзекті қажеттіліктеріне сәйкес ғылыми-зерттеу қызметінің көп деңгейлі жүйесін қалыптастыруға бағытталған әлемдік деңгейдегі инновациялық ЖОО трансформациялау болып табылады.

Даму жоспарының негізгі міндеттері:

№	Тапсырманың атауы	Мерзімі	Даму кезеңдері
1	Толыққанды, сапалы кәсіптік білім алу үшін жағдайларды қамтамасыз ету	2024 – 2029 жылдарғы оқу кезеңдері	Болашақ мамандардың кәсіби дағдыларын дамыту үшін ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын жақсарту

			жөніндегі іс-шараларды әзірлеу
2	Болашақ мамандардың негізгі кәсіби құзыреттерін қалыптастыру	2024 – 2029 жылдарғы оқу кезеңдері	Білім беру бағдарламалары мазмұнын жаңарту. АӨК механикаландыру саласында кәсіби құзыреттіліктерді алу.
3	Ғылыми - техникалық ақпаратпен жұмыс істей білу, кәсіби қызметте отандық және шетелдік тәжірибені пайдалану, алынған ақпаратты жүйелеу және жинақтау	2024 – 2029 жылдарғы оқу кезеңдері	Алынған нәтижелерді талдау және өңдеу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу
4	Докторлық диссертациялардың өзекті және іс жүзінде маңызды тақырыптарын таңдау кезінде жұмыс берушілер мен ҒЗИ ғалымдарының кеңестері	докторантурада оқуды аяқтау және ғылыми жобалармен айналысуды бастау	Жұмыс берушілер мен мүдделі тұлғалардың кеңесі

5. Білім беру бағдарламасы үшін тәуекелдердің әсерін төмендету жөніндегі іс-шаралар

Білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде тәуекелдерді азайту бойынша мынадай іс-шаралар қолданылады:

№	Ықтимал тәуекелдердің атауы	Оларды жою жөніндегі іс-шаралар
1	Кәсіптік пәндер бойынша мемлекеттік және ағылшын тілдеріндегі оқу-әдістемелік әдебиеттермен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі	ПОҚ білім алушылардың жұмыс оқу жоспарына сәйкес мемлекеттік және ағылшын тілдерінде ғылыми және оқу-әдістемелік әдебиеттердің жыл сайынғы шығарылымын жоспарлау
2	Сабақтарды өткізудің дәстүрлі тәсілі	Әлемдік стандарттар деңгейінде оқыту мен білім беру қызметтерін ұсынудың инновациялық технологияларын оқу процесіне енгізу және жетілдіру
3	Ескірген оқу және зертханалық базалар	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде заманауи зертханалық жабдықтарды сатып алу арқылы қазіргі заманғы оқу, ғылыми-зерттеу және зертханалық базаны құру
4	Қызметкерлердің зейнетке шығуына байланысты ғылыми және педагогикалық кадрлардың жетіспеушілігі	Докторантура (PhD) арқылы қазіргі заманғы талаптар деңгейінде жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлау
5	Орыс тілінде білім алушылардың топтардағы санының аздығы	Кәсіптік бағдар беру және ақпараттық-жарнамалық жұмыстар жүргізу арқылы білім алушылар контингентін қалыптастыру, көптілді оқыту топтарын құру

6. Білім беру бағдарламасын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаралардың атауы	Іске асыру мерзімдері	Жауаптылар	Күтілетін нәтижелер
1	2024-2029 жылдарға білім беру бағдарламаларын жаңарту бойынша жұмыс тобын құру	Қазан 2023ж.	Кафедра меңгерушісі	Құрылған авторлық ұжым (академиялық комитет)
2	2024-2029 жылдарға білім беру бағдарламаларының мақсаты мен міндеттерін әзірлеу	Қаңтар 2024 – желтоқсан 2029 ж.	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламасының авторлық ұжымы	Әзірленген білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері
3	2024-2029жылдарға маманның құзыреттері мен мамандық пәндерін анықтау	Қаңтар 2024 – желтоқсан 2029 ж.	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламасының авторлық ұжымы	Құзыреттер бойынша әзірленген ұстанымдар
4	Білім беру бағдарламаларының құзыреттері мен пәндерін Дублин дескрипторларымен сәйкестендіру	Қаңтар 2024 – желтоқсан 2029 ж.	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламасының авторлық ұжымы	Қалыптастырылған және келісілген құзыреттер
5	Білім беру бағдарламаларын кәсіби стандарттарға сәйкес қалыптастыру	Қаңтар 2024 – желтоқсан 2029 ж.	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламасының авторлық ұжымы	Құрастырылған білім беру бағдарламасы
6	Әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес академиялық күнтізбені және жұмыс оқу жоспарын жасау	Қаңтар 2024 – желтоқсан 2029 ж.	Кафедра меңгерушісі	Академиялық күнтізбе және жұмыс оқу жоспары
7	Кафедраның кеңейтілген отырысында білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілердің қатысуымен қарау	Қаңтар 2024 – желтоқсан 2029 ж.	Стейкхолдерлер (кафедраның ПОҚ, жұмыс берушілер және т.б.)	Білім беру бағдарламасын талқылау

8	Білім беру бағдарламаларын факультеттің Ғылыми кеңесінде қарау және бекіту	Қаңтар 2024 – желтоқсан 2029 ж.	Техникалық факультет кеңесінің мүшелері, жұмыс берушілер	Білім беру бағдарламасын бекіту
---	--	---------------------------------	--	---------------------------------

7. Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын іске асыру тетігі

- Жоспарды іске асыру қойылған міндеттерге сәйкес жүзеге асырылады;
- оқу үрдісіне әлемдік стандарттар деңгейінде оқытудың инновациялық технологияларын енгізу арқылы сапалы кәсіптік білім алу үшін жағдайларды қамтамасыз ету;
- алынған теориялық білімнің нәтижелері бойынша негізгі кәсіби құзыреттерді қалыптастыру;
- эксперимент жүргізу шеңберінде оның барлық кезеңдерінде білім алушының дербес іздестіру-зерттеу қызметі үшін алғышарттар жасау;
- ғылыми-техникалық ақпаратпен жұмыс істеу, алынған ақпаратты жүйелеу және жинақтау дағдыларын қалыптастыру;
- соңғы кезеңде докторлық диссертациялардың өзекті және іс жүзінде маңызды тақырыптарын таңдау.

8. Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын іске асырудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалау

Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын іске асыру кезінде тиімді болып табылады:

- алыс және жақын шетелдердің жоғары оқу орындарымен келісім жасасу мүмкіндігі;
- білім алушылар контингентін қалыптастыру;
- заманауи оқу, ғылыми-зерттеу және зертханалық базаны құру;
- шет елдердегі жетекші кәсіпорындар базасында кәсіби тәжірибелерді ұйымдастыру мүмкіндігі.
- қазіргі заманғы талаптар деңгейінде магистратура және докторантура (PhD) арқылы жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлау.

9. Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі

«Агроинженерия» білім беру бағдарламалары оқытудың мынадай нәтижелеріне бағытталған:

келесі мәселелерді өз бетінше шеше білу:

- ақпаратты жинау, талдау және түсіндіру (инструментальді құзыреттілік);
- жобалау-сметалық құжаттаманы жасау, АӨК саласындағы конструкторлық әзірлемені, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру жөніндегі технологиялық карталарды есептеу;
- идеялар мен сыни дәлелдерді әзірлеу (тұлға аралық құзыреттілік);
- өзін-өзі ынталандыру және өзін-өзі басқару (жүйелік құзыреттілік);

- ауыл шаруашылығы дақылдарының өндірістік процесін басқару бойынша технологиялық және жедел міндеттерді модельдеу, талдау, анықтау және шешу қабілеті;

әр түрлі жағдайларда тиімді пайдалануға қабілетті болу:

- өз түйсігін (инструментальді құзыреттілік);
- өзінің эмоционалды түсінігін (тұлға аралық құзыреттілік);
- жана өзгермелі жағдайларға бейімделе отырып, икемді ойлау және жұмыс істеу қабілеттерін (инструментальді және тұлға аралық құзыреттілік);
- өзінің зияткерлік және жалпы мәдениеттілігі деңгейін жетілдіру және дамыту қабілетін;
- ой қорыта білу, ақпаратты жинақтау, талдау, қабылдау, мақсат қоя білу және оған жету жолдарын таңдау;
- жұмыс барысында ара қатынастардағы шиеленіс пен көңіл күйді бақылау және мүмкіндігінше алдын алу қабілеттері (тұлға аралық құзыреттер);
- ауызша және жазбаша сөйлеуді логикалық тұрғыдан дұрыс, дәлелді және анық құра білу;
- ғылыми-зерттеу бақылауларын, эксперименттер орындаушылардың жұмысын ұйымдастыра білу, нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарын пайдалануды, сондай-ақ олардың дұрыс пайдаланылуын қадағалау.

қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде:

- алған білімдерін нақты ғылыми, практикалық, ақпараттық-іздістіру және әдістемелік міндеттерді шешу үшін жоспарлау;
- өндірістік, ғылыми-зерттеу және оқытушылық жұмысты ұйымдастыру және жүргізу (ғылыми-педагогикалық бағыттағы докторантура үшін);
- дәл егіншіліктің даму жағдайын модельдеу және талдау, ауыл шаруашылығы дақылдарының өндірістік процесін басқарудың жоспарлы технологиялық және жедел міндеттерін анықтау және шешу;
- егіп өсірілетін дақылдардың ықтимал астық түсімін алу бойынша өндірістік мәселелерді модельдеу және талдау, дәл егіншілік жүйесін іске асыру үшін технологиялық және техникалық шешімдерді жетілдіру бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- тиімді байланыс құра білу қабілеттілігіне және әлеуметтік дағдыларға ие болу;
- техникалық-экономикалық негіздемелерді дайындау және инновациялық жобалардың жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу бойынша;
- саладағы ұйымды реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды пайдалану.

Түлектің құзыреттілік моделі (портреті) – PhD философия докторы

PhD философия докторының (бейіндік және ғылыми-педагогикалық бағыттағы) кәсіби саласы:

- ғылыми-зерттеу жұмысы;
- асқару қызметі;
- өндірістік-технологиялық қызмет;
- ақпараттық және жобалау қызметі;
- өндірістік кәсіпорындардың қызметтерін ұйымдастыру және басқару;

- әр түрлі меншік нысанындағы ауыл шаруашылығы ұйымдарында, жергілікті және республикалық білім беру, ауыл шаруашылығын басқару органдарында басқару қызметі.

Жалпы білім беру құзыреттері

- ұйымдастыруға жүйелі көзқарас әдіснамасын, басқарудың заманауи тәсілдерін және менеджменттің аналитикалық әдістерін, диагностика, талдау және проблемаларды шешу әдістерін, сондай-ақ шешім қабылдау және оларды практикада іске асыру әдістерін меңгеру;

- менеджменттің практикалық мәселелерін білікті түрде шешу және осы шешімдерді іске асыру, басқару функцияларын жүзеге асыруға дайын болу және тұтастай ұйымның мүддесі үшін кәсіби мәселелерді шеше білу;

- нарықтық экономиканың ерекшеліктерін және оның мүмкіндіктерін, мемлекеттің функциялары мен экономикалық рөлін, экологиялық проблемаларды терең түсінуге, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін және оны жүргізудің өркениетті этикалық нормаларын ұстануға негізделген тиісті басқарушылық лауазымға орналасу үшін қажетті білімге, дағдыларға және дағдыларға ие болу:

- Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының қазіргі заманғы проблемалары мен перспективаларына баға бере білу, әлемдік экономика мен жаһандандудың қазіргі даму тенденцияларын түсіне білу, халықаралық бәсекелестік мәселелерін бағдарлай білу.

Негізгі құзыреттер

- заманауи ғылыми теориялар мен талдау әдістері негізінде академиялық тұтастықпен сипатталатын дербес ғылыми зерттеу жүргізу бойынша базалық білімді меңгеру, кәсіби және жеке өсуге ұмтылу;

- терең теориялық білімі мен практикалық тәжірибесі, агроинженерлік жүйелерді әзірлеу, ауыл шаруашылығы өндірісін механикаландыру саласындағы инженерлік білімнің негіздері болуы тиіс;

- агроинженерлік жүйелер мен агротехнологиялық өндірістердің, нанобиотехнологияның және молекулалық модельдеудің негіздерін әзірлеу саласындағы өндірістік-технологиялық және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтің мақсаттары мен міндеттерін білу және түсіну.

Кәсіби құзыреттер

Ұйымдастырушылық-технологиялық қызмет:

- жобалау, технологиялық, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу, өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге, сақтауға және қайта өңдеуге арналған машиналар мен жабдықтар жүйесін негіздеу жөніндегі есептер;

- орындаушылар ұжымының жұмысын ұйымдастыру, әртүрлі пікірлерді есепке алу және басқарушылық шешімдер қабылдау;

- әр түрлі жоспарлау және оңтайлы шешімдерді анықтау кезінде әр түрлі талаптарды (кұнын, сапасын, орындалу мерзімін және қауіпсіздігін) ескере отырып келісімді шешімдер шығару;

- сапалы өнім шығаруды қамтамасыз ету мақсатында шығындардың әртүрлі түрлерін есепке алу.

Өндірістік-басқару қызметі:

- қазіргі ғылыми теориялар мен талдау әдістері негізінде академиялық тұтастықпен сипатталатын ғылыми зерттеу жүргізуге дайындық;

- зерттеудің заманауи әдістерін пайдалана отырып, тиісті кәсіби салада ғылыми-зерттеу қызметін дербес жүзеге асыру;

- қазіргі заманғы ғылыми жетістіктерді сыни талдау және бағалау, зерттеу және практикалық міндеттерді шешуде жаңа идеяларды қалыптастыру қабілеті;

- ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын пайдалануға және жөндеуге байланысты қызметтерді, кәсіпорындарды ұйымдастыру және басқару.

Жобалау қызметі:

- жобаның мақсаттары мен міндеттерін анықтау, құрылымды құру кезінде әртүрлі факторларды, олардың өзара байланыстарын есепке алу және міндеттерді шешудің басым бағыттарын анықтау;

- салдарын болжай отырып мәселелерді шешу нұсқаларын әзірлеу және талдау, жобаларды жоспарлау және іске асыру;

- технологиялық, конструкторлық, эстетикалық, экономикалық және басқа да параметрлерді ескере отырып, ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарының жобаларын әзірлеу.

«Аграрная техника и технология»
кафедрасының меңгерушісі

Е.Ж. Каспаков